**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 14-апта**

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МККК
Топ: әр түрлі жастағы «Бөбек» тобы
Балалардың жасы: 2, 3, 4
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.12 - 05.12.2025

Тәрбиешілер: Курманбаева А.Н.
Шулембаева Ж.С.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 01.12.2025 | Сейсенбі 02.12.2025 | Сәрсенбі 03.12.2025 | Бейсенбі 04.12.2025 | Жұма 05.12.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, күзгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы)<br>**Сөздік қоры:** Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме! | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | **«Адал азамат» бағдарламасы «Құндылық-бірлік пен ынтымақтастық»**<br>**«Бірлігі күшті ел озады»** - ата-аналармен әңгімелесу.<br>Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Шаттық шеңбер**<br>(музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.)<br>«Шаттық шеңбер»<br>Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық.<br>Жүрек жылуын алайық,<br>Жиналған жылы шуақты,<br>Қонақтарға сыйлайық.<br>**«Адал азамат» бағдарламасы «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұраны орындалады.**<br>**Әңгімелесу:** "Менің ойыншықтарым" (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Міндеті: Балаларды ойыншықтар түрлерімен таныстыру, түсінік беру, білімдерін кеңейту, ойыншықтарды ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу.<br>**Сөздік қоры:** ойыншық.<br>Апталық тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)<br>Мен әдемі қуыршақпын,<br>Оңға, солға бұрыламын.<br>Допты жерден аламын,<br>Қайта жерге қоямын.<br>Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында.<br>Міндеті: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауды қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі. | | | | |

AnyScanner
AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ертеңгілік жаттығу | № 14 Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту)<br>"Көңілді жаттығу" | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, тақпақ (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз<br>(көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс, әдептілікті сақтау,<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау<br>**Сөздік қоры:** Рахмет | | | | |
| Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық | Д/О: «Үй жануарлары»<br>Міндеті: Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету<br>(қоршаған ортамен танысу - танымдық қызмет) | Д/О: «Кім тез жинайды?»<br>Міндеті: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. (тіл дамыту - коммуникативтік қызмет) | Д/О: «Қуыршақтарға қонаққа»<br>Міндеті: Тәрбиеші қуыршақтарға қонаққа баратынын айтып, олардың қайда отырғанын көрсетеді. Тәрбиеші қуыршақтарды алып, олармен билеуді ұсынады.<br>(қоршаған ортамен танысу-зерттеу, еңбек қызметі) | Д/О: «Көкөністер мен жемістер»<br>Міндеті: Жемістермен, көкөністерді айыра білуге, атай білуге үйрету.Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, жылдамдыққа үйрету.<br>(сенсорика, математика негіздері- ойын, коммуникативтік қызмет) | Д/О: «Шектес сандарды ата»<br>Міндеті: Балаларға ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту<br>(тіл дамыту- ойын, коммуникативтік қызмет) |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Тіл дамыту, көркем әдебиет<br>«Қуыршақ не істейді?» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға( кім? не? не істейді?) сұрақтарға жауап беруге өз ойын айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры: қуыршақ<br>«Ойыншықтар дүкені» | Дене тәрбиесі<br>«Көжектер» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге үйрету.<br>Сөздік қоры: қоян<br>(3 жас), (4 жас)<br>(дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>Тіл дамыту, көркем | Сенсорика, математика негіздері<br>«Ұқсас суреттерді тап» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды өлшемі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру<br>Сөздік қоры: доп<br>«Салыстыр» ойыны | Дене тәрбиесі<br>«Достық» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру.<br>Сөздік қоры: доп<br>(3 жас), (4 жас)<br>(дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>Сенсорика, математика негіздері<br>«Бұл не?» ойыны | Музыка<br>«Музыкалық аспаптар» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Музыка тыңдауға, ән айтуға қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.<br>Сөздік қоры: ән<br>(3 жас)<br>«Суретте не бейнеленген?» ойыны<br>Міндеті: Музыкалық |

AnyScanner

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.<br>Сөздік қоры: ойыншық.<br>«Ойыншықтардың түрлері» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту<br>Сөздік қоры: қатты, жұмсақ.<br>Сенсорика, математика негіздері<br>«Геометриялық фигуралар» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.<br>Сөздік қоры: үшбұрыш.<br>«Пішіндер неге ұқсайды?» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру. | әдебиет<br>«Қыс» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім+зат есім+етістік) сөздерін дұрыс айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры: қыс.<br>«Қыс мезгілі» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: сөздік қоры заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен байыту.<br>Сөздік қоры: қыс.<br>«Қандай жыл мезгілі?» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br>Сөздік қоры: қыс, қар.<br>Сенсорика, математика негіздері<br>«Пішіндерді ажырат» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды пішіні бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру. | (3 жас)<br>Міндеті: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру.<br>Сөздік қоры: тең.<br>«Суреттерді бір-бірімен салыстыр» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету.<br>Сөздік қоры: пирамида.<br>Дене тәрбиесі<br>«Кім бірінші?» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу.<br>Сөздік қоры: отыр.<br>(3 жас), (4 жас)<br>(дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>Тіл дамыту, көркем әдебиет<br>«Менің ойыншығым» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім+зат есім+етістік) сөздерін дұрыс айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры: қуыршақ. | (2 жас)<br>Міндеті: геометриялық фигураларды негізгі түсі, негұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру.<br>Сөздік қоры: түс.<br>«Қайсысы артық?» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>Сөздік қоры: артық.<br>«Сурет қандай?» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: тең.<br>Тіл дамыту, көркем әдебиет<br>«Бұл қандай ертегі?» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.<br>Сөздік қоры: аю.<br>«Қарама-қарсы сөздерді тап» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: қарама-қарсы мағыналағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>Сөздік қоры: жақсы, | шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: аспап.<br>«Музыкалық аспаптарды ата» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Әуенді тыңа және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету<br>Сөздік қоры: домбыра.<br>Тіл дамыту, көркем әдебиет<br>«Қуыршақтар қонақта» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Ыдыс, жиһаз, заттардың атауларын дұрыс айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры: ыдыс, жиһаз.<br>«Бұл қандай ертегі?» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу.<br>Сөздік қоры: ертегі.<br>«Ертегі кейіпкерлерін ата» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді |

AnyScanner

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сөздік қоры: дөңгелек.<br>«Пішіндерді санап ал» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту.<br>Сөздік қоры: бес.<br>Қоршаған әлеммен таныстыру.<br>«Біздің апай» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі.) үйрету.<br>Сөздік қоры: балабақша.<br>«Қандай мамандарды білесің?» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.<br>Сөздік қоры: маман.<br>«Кезекшілер» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br>Сөздік қоры: топ. | Сөздік қоры: үшбұрыш.<br>«Пішіндерді салыстыр» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>Сөздік қоры: тең.<br>«Дұрыс сана» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Сөздік қоры: сандар. | «Суретте не бейнеленген?» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>Сөздік қоры: жиһаз.<br>«Суреттен әңгіме құрастыр» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қоры: ойыншықтар. | жаман.<br>«Жұмбақтар» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Шешендікке, сөз өнеріне баулу, жұмбақ шешу өнеріне баулу.<br>Сөздік қоры: түлкі.<br>Қазақ тілі<br>«Қыс келді» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>Сөздік қоры: қыс, қар.<br>«Қандай жыл мезгілі?» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>Сөздік қоры: қыс мезгілі. | тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Сөздік қоры: қасқыр, түлкі, аю.<br>Сенсорика, математика негіздері<br>«Құрастыр» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша іріктеуді жетілдіру.<br>Сөздік қоры: пішіндер.<br>«Пішіндердің тенін тап» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: Заттарды салыстыру, заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру.<br>Сөздік қоры: тең.<br>«Тапсырманы орында» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Тең ұғымын екі тәсіл мен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: үшбұрыш, төртбұрыш. |
| | Ұйымдастырылған іс әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу. | | | | |

AnyScanner

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық №1 | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу<br>Балаларды реттілікпен киінуін ( ауа-райына байланысты) бақылау (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| Серуен №1 | Өткінші жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Міндеті: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны, саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.<br>Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту.<br>Міндеті: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br>Жеке жұмыс: «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер».<br>Міндеті: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. | Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау (қоршаған ортамен танысу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Міндеті: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге әсер ететіндігін түсіндіру.<br>Еңбек: Біздің ойын алаңы<br>Міндеті: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>Міндеті: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.<br>Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек».<br>Міндеті: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық» | Қысқы желдің бағытын бақылау. (қоршаған ортамен танысу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Міндеті: Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын,қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру.<br>Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру.<br>Еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату.<br>Балалармен жеке жұмыс: Қыс мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.<br>Көк майса, көрікті<br>Алқаптағы көк егін<br>Бұл күндері кейітті,<br>Сары жібек көйлегін<br>Жел тынымсыз гуілдеп<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал, терек<br>Жапырағын жұлғызып.<br>Қимылды ойындар: «Жел көбік».<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау (қоршаған ортамен танысу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Міндеті: Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, үйткыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жерден бір жерге жеңіл ұшып жүреді.<br>Көркем сөз:<br>Қыстың кенже баласы ақпанбысың,<br>Аспан астын ораған ақ ықармысың.<br>Алай-түлей боранын, жынында,<br>Әппағым-ау аз –аздан шақтармысың?!<br>Қимылды ойын: «Үшінші артық»<br>Міндеті: Шапшаңдыққа баулу.<br>Еңбек: Ауланы қардан тазалау.<br>Міндеті: күректі пайдалана білуге үйрету.<br>Қимылды ойын: Денені тік ұстап, жатығуларды | Тұманды бақылау (қоршаған ортамен танысу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Міндеті: Табиғат құбылыстарын атату. Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылату.<br>Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру.<br>Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастыру.<br>Балалармен жеке жұмыс: Таныскан дыбыстар бойынша сөздер ойлату.<br>Қимылды ойындар: «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар»<br>Міндеті: Рөлдерде ойнай білуге үйрету. Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. |

AnyScanner

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылдық ойын:<br>«Допты қуып жет».<br>Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Қимылдық ойын: «Кім тезірек?»<br>Міндеті: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады. Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады.<br>Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.<br>Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. | Ойын барысы:<br>Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.<br>Ол шеткірек тұрады.<br>Балалардың қалғандары жүгіреді, бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе «тоқта» деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады. Басқарушы барлық «фигураларды» айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да, ойын қайталанады. | | дұрыс білу.<br>Жаңылтпаштар:<br>Қар аппақ, дала аппақ-<br>бәрі аппақ.<br>Қыс қыстаса, қыс па?<br>Құс ұшпаса, құс па? | |
| Серуеннен оралу | **«Адал азамат» бағдарламасы. «Үнемді тұтыну»**<br>Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі.<br>Мәдени-гигиеналық дағдылар | | | | |
| Түскі ас | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері, балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>**Сөздік қоры:** Рахмет. | | | | |

AnyScanner

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күндізгі ұйқы | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды; өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Ертегі оқу «Үш аю»<br>Міндеті: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау.Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту.Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке,мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу.<br>(көркем әрекет-коммуникативті қызмет)<br>**«Адал азамат» бағдарламасы. Күй күмбірі-** балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау.<br>**(ән тыңдау – шығармышылық әрекеті)** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | № 14 кешен. Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолынды,<br>Сүртеді жонынды. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс, этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау<br>**Сөздік қоры:** қолды жуу, сүлгі, ас болсын! | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті | Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын: «Пирамида»<br>(2 жас)<br>Міндеті: Балаларды бейнелерді фланелеграфта (шаршыда) қағаз бетіне қойып құрастыруға үйрету. | Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын: «Түрлі-түсті доп»<br>(2 жас)<br>Міндеті: Дәстүрлі емес әдістерімен суреттер салу<br>Сөздік қоры: доп<br>Ойын: «Бұлтты күн» | **«Адал азамат» бағдарламасы: «Қауіпсіздік сабағы»** - Ермексазбен жұмыс (балалармен ермексаз туралы әңгімелесу).<br><br>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын: «Сағат» | Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын: «Көп қабатты үй»<br>(2 жас)<br>Міндеті: Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік | Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын: «Қоңжықтың суретін сал»<br>(2 жас)<br>Міндеті: Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда) қағаз бетіне қойып |

SCAN AnyScanner

SCAN AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сөздік қоры: пирамида.<br>Ойын: «Көпір»<br>(3 жас)<br>Міндеті: бұрын алынған дағдыларды тесеу, бекіту, кою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салуды қорытындылау.<br>Сөздік қоры: текше<br>Ойын: «Біздің ауыл»<br>(4 жас)<br>Міндеті: Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.<br>Сөздік қоры: үйлер. | (3 жас)<br>Міндеті: дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу<br>Сөздік қоры: бұлт.<br>Ойын: «Тамшылар»<br>(4 жас)<br>Міндеті: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>Сөздік қоры: күн | (2 жас)<br>Міндеті: Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: сағат.<br>Ойын: «Қырыққабат»<br>(3 жас)<br>Міндеті: азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйретуді қорытындылау.<br>Сөздік қоры: көкөніс.<br>Ойын: «Анамның алқасы»<br>(4 жас)<br>Міндеті: Тектелген дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу.<br>Сөздік қоры: дөңгелек. | беру.<br>Сөздік қоры: үй.<br>Ойын: «Теледидар»<br>(3 жас)<br>Міндеті: ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау.<br>Сөздік қоры: теледидар.<br>Ойын: «Біздің көше»<br>(4 жас)<br>Міндеті: Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Сөздік қоры: үй, көлік. | құрастыруға үйрету<br>Сөздік қоры: аю.<br>Ойын: «Қонжыққа үйшік»<br>(3 жас)<br>Міндеті: бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді жалғастыру<br>Сөздік қоры: аю.<br>Ойын: «Ойыншықтар»<br>(4 жас)<br>Міндеті: Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту.<br>Сөздік қоры: ойыншық. |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (тіл дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | 3 жас<br>Кабиева Амина<br>Қанат Дарын<br>Тасболат Ұлан<br>Әділхан Азалия<br>Д/ойын: «Ойыншықтарды атап айт»<br>Міндеті: Балаларға суреттер көрсетіледі, олар суретте не бейнеленгенін айтады. | 4 жас<br>Гуменяк Милана<br>Жұматай Шах-Керім<br>Д/ойын: «Тақия тастамақ»<br>Міндеті: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тастағанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге күш көрсетуге болмайды. | 4 жас<br>Слипченко Макар<br>Курманбаев Нияр<br>Есен Бекзат<br>Тагар Темірлан<br>Хажбатыров Джохар<br>Гуменяк Милана<br>Айдарбек Болатхан<br>Д/ойын: «Мына суретте не артық?»<br>Міндеті: Балалар көрсетілген суреттерде | 2 жас<br>Климович Савелий<br>Қази Дархан<br>Куанова Эмилия<br>Пинчук Ростислав<br>Қонысбек Амир<br>Д/ойын: «Допты қағып ал»<br>Міндеті: Тәрбиеші үлкен допты алады да, балаларға лақтырады, бір-бірден, бір сөзді | 3 жас<br>Ержан Батыр<br>Закревская Лиана<br>Д/ойын: «Мынау не?»<br>Міндеті: Балаларға үй жануарларды суреттерін көрсету, балалар ойыншықтардың атауларын үш тілде қайталау керек (сенсорика, математика |

AnyScanner

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойлау қабілеттерін дамыту.<br>(тіл дамыту- ойын, коммуникативтік қызмет) | Ал, егер бала орнынан тұрмай ұсталса немесе тақияның өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.<br>(көркем әдебиет- коммуникативтік, ойын қызмет) | не артық екенін айтып, көрсетеді.<br>(тіл дамыту- ойын, коммуникативтік қызмет) | айтып, ал қағып алған бала қарама қарсы сөзді айту керек.<br>(қоршаған ортамен танысу- зерттеу, еңбек қызмет) | негіздері- танымдық; ойын қызметі) |
| Кешкі ас | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Үлкендерлің – көмекшінің, мұғалім мен аспаздың еңбегін құрметтеп, бағалауды үйренеді<br>**Сөздік қоры:** Рахмет.<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері. Балалардың ұқыптылығын бағалау. | | | | |
| Серуенге дайындық №2 | Серуенге қызығушылықты арттыру<br>Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау<br>«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қалап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек.<br>(тіл дамыту-коммуникативті қызмет) | | | | |
| Серуен №2 | Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған әлеммен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (тіл дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті | | | | |
| | Кешен №14 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Ақ сандық, көк сандық»<br>Міндеті: Балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету<br>(дене қозғалысы) | Кешен №14 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Арқан тартыс»<br>Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету.<br>Тез жүгіруге, епттілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>(дене қозғалысы) | Кешен №14 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Тақия тастамақ»<br>Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету.<br>Тез жүгіруге, епттілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>(дене қозғалысы) | Кешен №14 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Асық ату»<br>Міндеті: Балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.<br>(дене қозғалысы) | Кешен №14 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Оқтау тартыс»<br>Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету.<br>Тез жүгіруге, епттілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>(дене қозғалысы) |

AnyScanner

AnyScanner

| | |
|---|---|
| Балалардың үйіне қайтуы | **«Адал азамат» бағдарламасы «Өнегелі 15 минут»**<br>Ата – аналарға балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. Ата-аналармен балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгіме жүргізу.<br>**Сөздік қоры:** Сау болыңыз, Сау болыңыздар! |

Тексерілді: 01.12.25ж.
Сабанова Э.

AnyScanner
AnyScanner